

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CDZE3219>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Қ. Т. Жанұзақова, Н. А. Әбдікәрім**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПОСТМОДЕРНИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ

Мақалада қазақ әдебиетінде постмодернизмнің пайда болу алғышарттары мен қалыптасу тарихы, оның әдеби формалары, даму ерекшеліктері қазіргі қазақ жазушыларының прозалық туындылары негізінде талданады. Әлемдік әдебиет пен қазақ әдебиетіндегі постмодернизм құбылыстарына салыстырмалы талдау жүргізіледі. Мазмұндық-құрылымдық өзгерістері сараланып, XX–XIX ғасырдағы постмодернизмнің негізгі бағыт-бағдары талданады. Постмодернистік мәтіннің негізгі сипаттамалары мен көркемдік ерекшеліктері айқындалған. Постмодернизмнің қазіргі әдеби процессте көркемдік және дүниетанымдық жүйе екендігі қарастырылады. Қазіргі әдеби кеңістіктегі постмодернистік тенденциялардың ерекшеліктері туралы еңбектер басшылыққа алынды. Постмодернизмнің басты белгілері, қазақ әдебиетіндегі көрінісі әлемдік әдеби процесс аясында пайымдалады. Қазақ әдебиетінде постмодернистік сарында қалам тербеген жазушылар Д. Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар», А. Жақсылықовтың «Сны окаянның» («Малғұндардың түстері»), А. Кемелбаеваның «Ағаш үй» шығармаларындағы постмодернистік тенденциялар зерделенді. Постмодернизмнің жаңа жаһандық рухани құндылықтарды бейнелеудегі ролі мен постмодернизмнің табиғаты, көркемдік-эстетикалық мәні туралы қорытындылар жасалады.

Кілтті сөздер: модернизм, постмодернизм, әдеби процесс, постмодернистік мәтін, постмодернистік ирония, иштертекст.

Кіріспе

Постмодернизм – модернизм ағымының орнын басқан, жаңа сананың дамуындағы тұтас дәуір, ірі құбылыс. Арнайы әдебиеттерде «постмодернизм» терминінің нақты анықтамасы жоқ. Бұл ұғым философия, әдебиет және өнер салаларында, тұтастай алғанда, мәдениеттің белгілі бір тенденцияларын

сипаттау үшін қолданылды. Постмодернистік әдебиет – фрагментация, парадокс, көбінесе шындыққа жанаспайтын және мүлдем мүмкін емес сюжеттер, пародия, паранойя, қара юмор арқылы стильдік және идеологиялық тұрғыдан таңбаланатын әдебиеттің бір түрі. Постмодерндік мәтіндер – ағартушылық ойлау мен әдебиетке модернистік көзқарастардың догматикалық ұстанымына қарсы жауап ретінде қарастырылады. Әдеби кеңістікте бұл термин XX ғасырдың II жартысында АҚШ-та, кейін Европа елдерінде өріс алды. Ал 1990 жылдары ТМД елдерінде танылып, жалпы әлемдік әдебиеттің басты ұстанымдарының біріне айналды. Алғашқылардың бірі болып Л. А. Фидлер кеңінен қолданды. Постмодернизм манифесттерінің бірі американдық Л. А. Фидлердің «Пересекайте границы, засыпайте рвы» (1969) еңбегінде постмодернизмнің негізгі ұстанымын бұқаралық және элиталық мәдениеттің шекарасын алып тастау, шындық пен мифті біріктіру екендігін көрсетті [1, 462].

Зерттеудің нысаны: Қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизмнің көрінісі мен даму ерекшеліктері

Зерттеудің пәні: тәуелсіздік тұсындағы постмодернистік сарын айқын көрінген қазақ жазушыларының прозалық туындылары.

Мақсаты: постмодернизмнің қазіргі қазақ прозасында көркемдік және дүниетанымдық жүйе екендігі, постмодернизмнің негізгі көркемдік ерекшеліктері қарастырылады.

Міндеттері:

- постмодернизмнің жаңа жаһандық рухани құндылықтарды бейнелеудегі рөлін анықтау;
- қазақ прозасындағы постмодернизмнің табиғаты, көркемдік-эстетикалық мәнін саралау;
- постмодернизмнің даму ерекшеліктері қазақ жазушыларының прозалық туындылары негізінде талдау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі.

Адамзат тарихы көптеген мәдени дәуірлердің дәйекті өзгеруімен ерекшеленеді. Олардың соңғысы – постмодернизм дәуірі деп аталды.

Тәуелсіздік алған тұста қазақ әдебиеттану ғылымы модернистік, постмодернистік, неореалистік бағыттармен толыға бастады. Әдебиеттанушы ғалым Б. Майтанов: «Қазіргі дәуірдегі модернизм мен постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі көріністері тұтас бағыт деңгейіне көтерілмеген; олар өзара ара-жігін де ашып дараланбағандықтан, бүгінгі күн бедерінде көркем-әдеби ағым ретінде өмір сүруде», [2] – деп топшылайды. Негізінен, постмодернизм – ғалымдар арасында осы көркемдік-эстетикалық құбылысқа қатысты қарама-қарсы пікірлер айтып, әдеби дау туғызатын, көп талқыланатын тақырып.

Постмодернизмнің қалыптасуы жайлы ғалымдар ойы екі тарапқа бөлінеді. Бірі – бұл тарихи құбылыс және ХХ ғасырдың ортасында мәдениет пен өркениет дағдарысына байланысты туды десе, екіншісі, постмодернизм – кез-келген дағдарыс дәуірінде пайда болады деп есептейді. Әйгілі жазушы Умберто Эко «Заметки на полях «Имени Розы»» еңбегінде «Әр дәуірдің өзіндік постмодернизмі бар» [3], – деп жазды. Кез келген дәуір бір кездері дағдарыс шегіне жетеді. Дегенмен, белгілі бір тұтастыққа ие жүйе ретінде постмодернизм қазіргі заманғы әдеби процестежеке бағыт ретінде қабылданып келеді.

Постмодернизмге тән мына белгілерді атай аламыз: интертекстуалдылық; пародия, иронизация, өткен дәуір мәдениетінің элементтерін қайта қарастыру; мәтінді көп деңгейлі ұйымдастыру; белгісіздік, түсініксіздік, қателіктер, фрагментация; жанрлық және стильдік синкретизм (мәдени шығармашылықтың әртүрлі түрлерінің бірігуі, бөлінбеуі); ойындық сипат, көпшілік алдында жұмыс жасау, «авторлық бетперде», «автордың өлімі» секілді құбылыстардың болуы.

Постмодернистік әдебиеттің ең алғашқы мысалдары Мигель де Сервантестің «Дон Кихот» (1605–1615) және Лоренс Стерннің «Тристрам Шенди» (1759–1767) деп санауға болады. Шетелдік постмодернизмнің қалыптасуы әрі қарай Умберто Эко, Дон Делилло, Джулиан Барнс, Уильям Гибсон, В. Набоков, Джон Фоулз, Милорад Павич, Том Стоппард, сондай-ақ, орыс постмодернистері Б. Акунин, И. Бродский, В. Ерофеев, Д. Пригов, Г. Остер, В. Пелевин, С. Соколов, В. Сорокин, Т. Толстая және т. б. жазушылар есімімен байланысты.

Қазақ әдебиеттану ғылымында өз еңбектерінде постмодернизмнің сипатын қарастырған Б. Майтанов, Ә. Бөпежанова, Л. Сафронова, А. Ісімақова, Ж. Жарылғапов, Г. Елеукенова, Ә. Қодар, Ж. Шәкен, С. Қасым, Д. Ысқақ, Г. Пірәлі, т.б ғалымдарды атаймыз.

Салыстырмалы түрде қарағанда постмодернизм ұлттық әдебиетімізге кеш жетті. Еуропалық постмодернизм мен қазақ әдебиеттану ғылымындағы постмодернизм бір нәрсе деуге келмейді. Себебі, олардың туындау себебі екі басқа дүние. Ұлттық әдебиетімізде постмодернизмнің енуіне тарихи, саяси-әлеуметтік, экономикалық факторлардың да ықпалы зор болды. Оған себеп еліміз егемендік алып, саяси идеологиядан еркіндікке шығуы, сол сәтте қоғамда орын алған әлеуметтік-экономикалық жағдайлар халық санасына айтарлықтай өзгерістер әкелуі дейміз. Қазақ әдебиетінде ол еуропалық елдердегідей тұтастай бағыттық сипат алып кете алмағанымен, қазіргі қазақ прозасындағы постмодернистік талпыныстарды жоққа шығармаймыз. Постмодернизм сипатын бүгінде А. Алтай, Р. Мұқанова, Д. Амантай, А. Кемелбаева, Д. Рамазан, А. Жақсылықов және т.б. жазушылар туындыларында кездестіреміз.

Бүгінгі прозада қалыптасқан үрдісте постмодернистік қолтаңбасымен, өзіндік жазу стилімен ерекшеленетін қаламгерлердің бірі – Дидар Амантай. Жазушының философиялық ойы басым, айтар ойы түсініксіздеу «Гүлдер мен кітаптар» романы – әдеби сында екі тарапты, қарама-қайшы ой туындатты. Бірі – айтар ойы жоқ, көркемдігі төмен, түсінуге ауыр дүние деп тұжырымдаса, екіншісі – сюжеттік ситуация мен персонажды дәл тауып беретін, өзіндік астары бар, философиясы терең туынды деп бағалады.

Автор «Гүлдер мен кітаптар» романында жаңаша эксперименттерге барып, постмодернизмге тән интертекстуалдық, метапроза, фрагменттілік пен автордың өлімі секілді, т.б. белгілерін қолданған. Ғалым Б. Майтанов: «Автор баяндау барысын күлт үзіп, кенет күтпеген философиялық пайымдау сарынына түсе салады да, одан тағы оп-оңай шығып кетеді, әдеттегі өмір көріністерін үзілмелі кескінде бейнелеуге көшеді... Д. Амантай шығармаларында аллюзия, интертекст, реминисценция және «сана ағымының» автор еркіндігімен сабақтас түрі елеулі философиялық, тұрмыстық, эзотериялық мәселелерді постмодернистік поэтика ауқымында қарастыруда зор стильтүзушілік роль атқарады» – дейді [2].

Романның алғашқы «Әлішер» тарауы бас кейіпкер жазушы жігіттің түс көруімен басталады. Сюжет Әлішердің адамзатты жаратушы Тәңірдің бар екеніне сенімі, оны іздеуі, ақиқатты тануға ұмтылысымен жалғасын табады. Өзі мақсат еткен «Тәңірі кітабын» жазу барысында ол өткен мен бүгінді сабақтастырып, екінші әлеммен әңгімелесуі, өзіне көңілі толмауы, жалғызсырауы бейнеледі. Адами құндылықтар негізі, көңіліне медет тұтар жақын серіктері – кітап пен гүлдерді бүгінде өз маңызын жойып бара жатқанына өкініш білдіреді. Әлішер ішкі сезімдерімен арпалысып, өз сұрақтарына жауап таппай қиналады. Д. Амантайдың «Кез келген мәтін – азаттықты аңсап, тырнақшаны тастап шыққан басқаның беймаза аласапыран ойы» [4] – деуі, постмодернизмдегі интертекст белгісін меңзегені секілді.

Постмодернизмдік арнада жазылған тағы бір туынды – А. Жақсылықовтың «Сны окаянных» трилогиясы. Туынды «Поющие камни», «Сны окаянных», «Другой океан» атты үш романдан тұрады.

«Поющие камни» романы – рухани құлдырауға ұшырап, ішкілікке салынған Жан есімді кейіпкердің сөзі арқылы баяндалады. Романда постмодернизмге тән мәтін ішіндегі мәтін сипаты бар. Себебі, автор әртүрлі ой қиындыларын беріп, жекелеген сәттерді мысалға келтіреді. Бір уақыт пен кеңістікте тұрақтай алмай, өткен мен бүгіннің ортасында қалған Жан – біресе балалық шағына, біресе қойшы баланың өміріне түсіп адасады. Бейсана күйге ұшырап, кейіпкер әлемінде субъект жоғалды. Бұл мысалдар мәтін ішінде фрагменттілік тудырады. Романның ерекшелігі де осында.

«Сны окаянных» романы «сана ағымы» үрдісінде жазылған. Семей полигонының зардабы тиіп, жарымжан туған сәбилердің тіршілік үшін күресі философиялық баяндаулар арқылы оқырманын алаңдатады. Суық, аяусыз ересектер әлемі мен мейірімді әрі бейкүнә балалар әлемін қатар суреттеп, автор терең психологиялық барлау жасайды.

Баспасөз беттерінде есімі айрықша аталып жүрген, өзіндік стилистикалық ерекшелігі бар жазушылардың бірі – А. Кемелбаева. Қаламгердің шағын жанрдағы еңбектері бүгінде танымал. Солардың бірі – «Ағаш үй» әңгімесінде постмодернизмге тән белгілер кездеседі. Әңгімеде түс көру мотиві, қорқыныш пен үрей, мистика, оқиғаның соңының түсініксіз болып, айтпақ ойды бүгіп қалу секілді элементтер бар. Бас кейіпкер он бес жасар Әсияның түсінде аруақтар мен тылсым құбылыстарды жиі көруі психикасына әсер етеді. Қыз бойжетіп, дертінен айыға бастағанда жазушы болуды армандап, қиялға беріледі. Дегенмен, соңында қыздың тағдыры не болғаны белгісіз күйінше қалды. Жазушы Әсияның ішкі арпалысы, ауыр мұңын айшықты бейнелейді. Бұл қазақ прозасы үшін құрылымы жаңа, өзгеше сипатты туынды болды.

Үш автор да постмодернистік сипат пен көркемдік қиялды тоғыстырып, адам мен табиғат байланысын философиялық мазмұнмен ұштастырған. Сондай-ақ, өз қаһармандарының ішкі арпалысын терең талдай отырып, көп желілі баяндау тәсілін қолданады.

Қорытынды.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі болған тарихи-мәдени өзгерістер қазақ жазушыларының дүниетанымына әсер еткенін атап өткеніміз жөн. Әр ұлттың әдебиетінде ағым, бағыттар, көркемдік әдістер әр кезеңдерде алуан қалыпта дамып отыратыны заңдылық. Постмодернизмді қоғамдарғы зор сілкіністер, тарихи өзгерістер алып келетіні айқын. Өзгерістер олардың туындыларында көркем образ арқылы көрініс тапты. Әдебиеттану кеңестік кезеңдегі саяси-идеологиялық қыспақтан шығып, тәуелсіздік тұсында басқаша бағытқа, жаңашылдыққа ұмтылды. Сана мен қоғам өзгерген тұста әдебиет пен оған қойылар талаптың да өзгерері анық. Осы тұста модернизм мен постмодернизм ұғымдары өзінше түрленіп, көркемдік кеңістігін кеңейтті. Модернизм мен постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі көріністері тұтастай бағыттық сипат алып кеткен жоқ, кейде өзара ара-жіктерін ашып дараланбағандықтан, қазіргі уақыт ағынында ағымдық сипатта өмір сүруде деп айта аламыз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Фидлер, Л.** Пересекайте границы, засыпайте рвы. – М., 1993. – С. 462–518.

- 2 **Майтанов, Б.** Тәуелсіздік – күрес мұраты : зерттеулер мен мақалалар. – Алматы : «Құс жолы», 2012.
- 3 **Эко, У.** Заметки на полях «Имени розы». – М. : Симпозиум, 2007. – 92 с.
- 4 **Амантай, Д.** Гүлдер мен кітаптар. Роман. – Алматы : Арман-3, 2003. – 108 б.
- 5 **Hassan, I.** The Postmodern Turn: Essays in Postmodern Theory and Culture. – Columbus, Oh., 1987. – 267 p.
- 6 **Сафронова, Л. В.** Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана: учебное пособие. – Алматы : КазНПУ им. Абая, 2006. – 96 с.
- 7 **Майтанов, Б. Қ.** Қазіргі қазақ прозасындағы жаңашыл баяндау үрдістері // Евразия. – 2005. – № 2. – Б. 52–65.
- 8 **Жанұзақова, Қ.** Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі. Монография. – Алматы : ИП «Есенбекова», 2010. – 448 б.
- 9 **Амантай, Д.** Роль литературы // Начнем с понедельника. – 2006. – № 14. – С. 20.
- 10 **Сәулембек, Г. Р.** Батыс және шығыс әдебиеті мәтіндеріндегі интертекст // Қазақстанның ғылымы мен өмірі, – Астана, 2016. – № 4 (39). – Б. 120–123.

References

- 1 **Fidler, L.** Peresekaite granisy, zasyptaite rvy. [Cross the border, cover the ditch]. – Moscow, 1993. – P. 462–518.
- 2 **Maitanov, B.** Táyelsizdik – kúres muraty: zertteýler men maqalalar. [Maitanov, B. The ideal of independence-struggle: research and articles]. – Almaty, «Kus zholy», 2012.
- 3 **Eco, U.** Zаметki na poláh «Imeni rozy». [Notes on the fields «Name of Rose»]. – Simpozium, 2007. – 92 p.
- 4 **Amantai, D.** Gúlдер men kitapтар. [Flowers and books. The novel]. – Almaty : Arman – 3, 2003. – 108 P.
- 5 **Hassan, I.** The Postmodern Turn: Essays in Postmodern Theory and Culture. [The Postmodern Turn: Essays in Postmodern Theory and Culture]. – Columbus, Oh., 1987. – 267 p.
- 6 **Safronova, L. V.** Postmodernistkaia literatýra i sovremennoe literatýrovedenie Kazahstana : ýchebnoe posobie. [Postmodern literature and modern literature of Kazakhstan : an educational address]. – Almaty : KazNPUnamed Abay, 2006. – 96 p.

7. **Maitanov, B. Q.** Qazirgi qazaq prozasındaǵy jańashyl baıandaý úrdisteri. [Trends of innovative storytelling in modern Kazakh prose]. // Eurasia, 2005. – No 2. – P. 52–65.

8 **Zhanuzakova, K.** Qazaq prozasındaǵy romantizmniń kórkemdik álemi. [Artistic world of romanticism in Kazakh prose]. Monograph. – Almaty : IP «Yessenbekova», 2010. – 448 P.

9 **Amantai, D.** Rol literatýry // [Role of literature // The beginning with the Monday]. – 2006. – No. 14 – P. 20.

10 **Sáýlembek, G. R.** Batys jáne shyǵys ádebieti má tinderindegi intertekst. [Intertext in texts of Western and Eastern Literature] // Science and life of Kazakhstan. – Astana, 2016. – № 4 (39). – P. 120–123.

Материал баспаға 21.05.21 түсті.

К. Т. Жанузакова, Н. А. Абдикарим

Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 21.05.21.

ФЕНОМЕН ПОСТМОДЕРНИЗМА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

В статье анализируются предпосылки возникновения и история становления постмодернизма в казахской литературе, его литературные формы, особенности развития на основе прозаических произведений казахских писателей. Проводится сравнительный анализ явлений постмодернизма в мировой литературе и казахской литературе. Анализируются содержательно-структурные изменения, анализируются основные направления постмодернизма XX–XIX вв. Выделены основные характеристики и художественные особенности постмодернистского текста. Рассматривается постмодернизм как художественно-мировоззренческая система в современном литературном процессе. Руководствовались трудами об особенностях постмодернистских тенденций в современном литературном пространстве. Основные черты постмодернизма, его отражение в казахской литературе рассматриваются в рамках мирового литературного процесса. В казахской литературе изучены элементы течения в произведениях писателей постмодернистского направления Д. Амантая «Цветы и книги», А. Жаксылыкова «Сны окаянных», А. Кемелбаевой «Деревянный дом». Делаются выводы

о роли постмодернизма в отражении новых глобальных духовных ценностей и о природе, художественно-эстетической сущности постмодернизма.

Ключевые слова: модернизм, постмодернизм, литературный процесс, постмодернистский текст, постмодернистская ирония, интертекст.

K. T. Zhanuzakova, N. A. Abdikarim

Kazakh National Women's Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 21.05.21.

THE PHENOMENON OF POSTMODERNISM IN MODERN KAZAKH PROSE

The article analyzes the prerequisites for the emergence and history of the formation of postmodernism in Kazakh literature, its literary forms, and features of its development on the basis of prose works of Kazakh writers. A comparative analysis of the phenomena of postmodernism in world literature and Kazakh literature is carried out. The content and structural changes are analyzed, and the main trends of postmodernism of the XX–XIX centuries are analyzed. The main characteristics and artistic features of the postmodern text are determined. It is considered that postmodernism is an artistic and worldview system in the modern literary process. We were guided by works on the specifics of postmodern trends in the modern literary space. The main features of postmodernism and its manifestation in Kazakh literature are considered within the framework of the world literary process. In Kazakh literature, current elements were studied in the works of postmodern writers D. Amantay «Flowers and books», A. Zhaksylykov «Dreams of the damned», A. Kemelbayeva «Wooden house». Conclusions are drawn about the role of postmodernism in the reflection of new global spiritual values and the nature, artistic and aesthetic significance of postmodernism.

Keywords: modernism, postmodernism, literary process, postmodern text, postmodern irony, intertext.

Теруге 21.05.2021 ж. жіберілді. Басуға 01.06.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,8 Mb RAM

Шартты баспа табағы 16,1. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3779

Сдано в набор 21.05.2021 г. Подписано в печать 01.06.2021 г.

Электронное издание

1,8 Mb RAM

Усл. печ. л. 16,1. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3779

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz